

- 1) қосарланған етістіктер;
- 2) хамзалы етістіктер;
- 3) әлсіз етістіктер, олардың өзі:
 - а) дұрысқа ұқсас;
 - б) бос немесе қуыс;
 - в) толымсыз етістіктер болып бөлінеді.

4) екі есе бұрыс етістіктер, яғни түбір дауыссыздарының екеуі тиянақсыз етістіктер;

5) үш есе бұрыс, яғни түбір дыбыстарының үшеуі де тиянақсыз етістіктер.

Міне осы сияқты қазақ тілінде балама ұғымы жоқ категорияларды тек жалаң жаттатпай, түрлі мысал келтіре отырып, тілді үйренудің кілтін үйретсе студенттер өздері-ақ тілді оқып-үйренудің әдісін игеріп кетеді.

Ал сабақ үстінде ана тілін де, орыс тілін де қолданбай, тілдік материалды тек шет тілі арқылы

түсіндіру – студенттің материалды тез игеруіне кедергі болады. Студенттің ол материалды іштей ана тіліне аударатынын жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан бастапқы кезде шет тілі грамматикасын ана тілінде түсіндіруден қашпай, оны орындады пайдалану керек.

1. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь – М., 1970.

2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М., 1989.

3. Звигенцев В.А. История арабского языкознания. Краткий очерк. – М., 1958.

4. Ковалев А.А., Шарбатов Г.Ш.: учебник арабского языка. М., 2000.

* * *

В этой статье рассматривается методы обучения арабскому языку.

Г.Н. Абдвахитова, Г.Т. Тілеужанова

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ АУДАРМА НЕГІЗДЕРІ ПӘНІН ЖҮРГІЗУДЕ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Халықаралық қатынастар факультетінің халықаралық құқық бөлімінде 2,3 курс, 3,5 семестрде 3 кредитпен мемлекеттік тілде дипломатиялық аударма негіздерін оқыту пәні жүргізіледі.

Сабақ барысында мамандыққа байланысты терминдер жеке өтіліп қоймайды. Мамандыққа байланысты терминдер газет, журнал беттеріндегі материалдарда кездескенде, мағынасын түсініп, оны өмірде қолдануларына көп атсалысамыз. Дегенмен, 2 семестр оқылса, ол студент үшін аз да болса өз білімін жандандыруға ықпал етеді. Студенттер үшін мамандыққа байланысты терминдердің көрсетер көмегі мол. Мысалы: халықаралық қатынастар факультетінде мамандыққа қатысты байланысты дипломатиялық терминдер кеңінен пайдаланылады. Ол терминдердің тек аудармасы ғана емес, сонымен қатар олардың мағынасын ашып, шағын мәтін құруда студенттер белсенді жұмыс атқарады.

Бұрынырақта құлаққа оғаш естілетін құқық, халықаралық құқық, тең құқықсыз шарттар, адам құқықтары, әуе құқығы сөздері қазір емін-еркін қолданыста жүр. Ақпарат құралдарынан алған тапсырмаларды орындағанда студенттер бұл сөздерді еркін түсінеді. Себебі аталған сөздер күнделікті кездесетіндіктен жаңа сөзге жатпайды.

Аударманың өмірдің бар саласына әбден кірігіп кеткені соншалық, қазіргі қазақ тілінде

жазылатын төл жазу-сызуымыздың өзінде мұның айқын таңбасы байқалады. Аударылған сөздер мен сөз тіркестерінің жасалу жолына зейін қойсақ, ана тілімізге тән заңдылық жүйесінің кейде сақталып, кейде бұзылып отырғанын көруге болады. Сонымен бірге орыс тілінің өз тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін емін-еркін пайдалануға итермелейді. Орыс аудиториясында студенттердің қазақ тіліне ынтасын аудару, оның ішінде мамандығына байланысты терминдерді меңгерту оңай емес. Сондықтан әрбір сабаққа тілдік және сөйлесуге қатысты материалдармен қатар, студенттердің мамандығына байланысты нақты жұмыс түрлерін молынан жүргізіп, әдіс-амалдарды түрлендіріп отыру керек.

Сабақта өтілетін тақырыптар өзара байланыста болуы керек. Аударма дегеніміз – өзінше өнер, шығармашылық. Аударманың түрлері: көркем аударма, сөзбе-сөз аударма, балама аударма, публицистикалық аударма, синхронды аударма т.б.

Ақпаратты әдебиетте сөзбе-сөз және балама аударма пайдаланылады, өйткені тілдік бірліктің ішкі мазмұнын нақ, әрі дәл берудің бір жолы, өте тиімді тәсілі. Студенттер тапсырмаларды орындаған кезде осы тәсілді жиі пайдаланады.

Аударманың синонимдік қатардың пайда болуына әсері мол. Газет беттеріндегі ресми-құжат-

тар, іс-қағаздарды аударуда сөзбе-сөз аударма пайдаланылады.

Газет лексикасын қалыптастыруға қызмет ететін екінші түрі балама аударма арқылы ақпараттық және байланыс құралы ретінде мерзімді ба-сылымдар коммуникативтік–функционалды қызметін атқаруға мүмкіндік алды.

Газет мақалалары өзінің тақырыбымен, стилімен ерекшеленеді. Халықаралық құқық бөлімі студенттерін аударма сабағында мамандығына байланысты Президенттің Жарлықтары, Қазақстан Республикасының Заңдары және ресми хабарлар, мәлімдемелермен танысады. Аударма сабағында синхронды (ілеспе) аударма түрін қолданған әрі қолайлы, әрі ұтымды. Синхронды (ілеспе) аударма дегеніміз – грек тілінен бір мезгілде аудару деген мағынаны білдіреді.

Мемлекеттік тілде дипломатиялық аударма негіздері пәнін оқытудың ең маңыздысы ақпарат құралдарынан алынған мәліметтерді мағынасына қарай аудару. Тапсырмалардың мазмұны мына талаптарға сай болу керек:

1) тапсырма мазмұны студенттердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жасалу керек;

2) студенттің бұған дейін алған біліміне сәйкес құрылуы тиіс;

3) тапсырма түсінікті, мазмұны қызықтырарлық болуы қажет;

4) орындалу тәртібі мен тапсырма мазмұны бірте-бірте күрделене түсуі керек. Студенттердің ақпарат құралдарын пайдалануы – олардың оқу танымдық әрекетінің ерекше түрі. Оның өзіне тән сипаты бар. Бұл жұмысты орындау барысында оқытушы жағынан тікелей басшылық болмайды. Оқытушы тек кеңес беруші, көмекші ролін атқарады. Студенттер шығармашылықпен белсенді жұмыс жасауға үйренеді. Сол арқылы студент білімін толықтырады, әрі білімін жетілдірді.

Әдістемелік әдебиеттерде студенттердің өзіндік жұмысы әр жақтан қарастырылады. Өзіндік оқу жұмысын ұйымдастыру және басқару мәселесінің маңызы зор.

Сабақты ұйымдастырудағы маңызды элемент – өзара ынтымақтаса әрекет жасауға бағытталған шығармашылық қарым-қатынас, оқытушының

студентпен жұмыс жасау барысындағы өзара сенімі мен түсінігі екенін ұғындыру.

Аударма техникасын меңгеру барысында мәтіндегі негіз сөздерді таба білу, оны өңдеу, сөйлемді талдай білу, сөзжасамдық құрам және мәнмәтін бойынша сөздің мағынасын табу, осының негізінде мәтін мазмұнының мәнін тез игеру т.б. сияқты жол, тәсілдер тиімді саналады. Сондай-ақ аудармадан кейін түпкі туынды мазмұны толық берілуінің тілдік тұрғыда сауатты болуын қадағалаған жөн.

Аударма техникасын өз бетімен өңдеу үшін тиімді құрал ретінде, студенттерге кейінгі амалдардан тұратын реверстік аудармасы бар жаттығуларды ұсынған тиімді:

– алдында өңделген мәтін үзіндісін орыс тіліне аудару;

– осылай алынған мәтінді кері, қазақ тіліне, оқулықты пайдаланбай аудару;

– жасалған аударманы оқулықтағы бастапқы мәтіндік үзіндімен салыстыру, ұғыну және қателерін түзеу.

Көп жылғы тәжірибенің нәтижесінде студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарын деңгейлік тапсырмалар арқылы орыс академигі В.П. Беспалько студенттердің оқу материалын меңгеруін төрт деңгейге бөліп қарастырады:

1) бұл деңгейде студентке аса ойлануды қажет етпей, тез жауап бере салатындай сұрақтар мен тапсырмалар беріледі, яғни оқулықта бар мәселелер қамтылуы тиіс;

2) берілетін тапсырмалардың мақсаты айқын болып, сол мақсатқа жету үшін студенттен тапсырманың орындалу жолдары талап етіледі;

3) студенттен ізденуді қажет етеді. Студент бұрын алған білімінің негізінде және қосымша әдебиеттің көмегімен тапсырманы ой еңбегін қосу арқылы орындай алады;

4) студент өзіндік шығармашылық жұмыспен айналысады.

Студенттердің өзін-өзі дамытуға, шығармашылық біліктілігін арттыруда СӨЖ-дің пайдасы мол. Себебі студент жеке дайындық барысында көптеген әдебиеттерді қарастыруда білімін шыңдауға тырысады. Кредиттік технологияның студент үшін берері орасан зор.